

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастырудың педагогикалық
менеджменті»**

(Мектепке дейінгі мекеме меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған)

Дайындаған «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., доцент Н.Б. Есенова

**Бағдарлама төмендегі нормативті құжаттарды ескере отырып
әзірленген:**

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137> Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>, Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>, Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>, Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883> негізге алынды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Мектепке дейінгі ұйым басшыларын педагогикалық менеджмент жайында білім, білік, дағдылармен қаруландыру бүгінгі нарықтық жағдайда өзекті мәселе болып отырғаны сөзсіз.

Соңғы кездері балабақшаны басқару мәселесін ізгіліктік және демократиялық көзқарастар тұрғысында қайта зерделеу арқылы жаңа басқару технологиясын қалыптаса бастаған. Қазіргі балабақша – адамға білім, білік, дағдылар жиынтығын беріп қана қоймайды, сонымен қатар, өмірдегі өз орнын анықтай алатын, білімі арқылы өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, үнемі даму үстінде болатын тұлғаны қалыптастыра алатын жаңа менеджменттік көзқарасты қажет етеді.

Басқару қызметінде адам ресурстарын тиімді пайдалану маңызды рөл атқарады. Бұл педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру, олардың ынтасын көтеру және шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын жақсарту, жаңа технологияларды енгізу және білім беру сапасын жүйелі бағалау маңызды.

Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың педагогикалық менеджменті – бұл тиімді білім беру үрдісін ұйымдастыруға, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге және педагогикалық кадрлардың кәсіби өсуін қолдауға бағытталған басқару жүйесі. Бұл процесс бірнеше негізгі ережелермен қағидаттарға негізделеді.

Мектепке дейінгі ұйымның тиімді басқарылуы бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, басқару үдерісіне қатысатын барлық субъектілер – басшылар, педагогтар, ата-аналар мен басқа да мүдделі тараптар – бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. Екіншіден, педагогикалық менеджменттің негізінде инновацияларға ашықтық, үздіксіз даму және жаңашылдыққа бейімділік жатуы қажет.

«Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастырудың педагогикалық менеджменті» біліктілікті арттыру курсының мазмұны тыңдаушыларға мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық ұжымды басқару, білім беру ұйым жұмысын жоспарлау, оқу-білім беру үдерісін бақылау мен бағалаудың теориясы мен әдістемесін қарастырады.

Білім беру бағдарламасы құқықтық және нормативтік құжаттамалар негізінде мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық ұжымды басқаруды, білім беру ұйым жұмысын жоспарлауды, педагогикалық менеджменттің теориялық және практикалық негіздерді, қаржылық және материалдық ресурстарды басқаруды, тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруды оқу-білім беру үдерісін бақылау мен бағалаудың теориясы мен әдістемесін және АКТ-құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, бұл бағдарлама мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің басшылары мен әдіскерлеріне басқару, ұйымдастыру және инновациялық білім беру технологияларын енгізу саласындағы заманауи әдістемелерді меңгеруге көмектеседі.

Сондай-ақ, Мектепке дейінгі ұйымды басқаруда коммуникация мен ақпараттық ағындарды реттеу үлкен маңызға ие. Басқарушы мен педагогикалық ұжым арасындағы тиімді қарым-қатынас, ата-аналармен серіктестік, балалардың даму көрсеткіштерін жүйелі бақылау – педагогикалық менеджменттің ажырамас бөлігі болып саналады.

2. ГЛОССАРИЙ

Менеджмент – белгілі бір ұйымды немесе құрылымды басқару жүйесі, оның мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ғылым және тәжірибе.

Педагогикалық менеджмент – білім беру мекемесін тиімді басқаруға, оқу және тәрбие үдерісін ұйымдастыруға бағытталған жүйелі басқару тәсілі.

Басқару стратегиясы – мектепке дейінгі ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтау және оларды іске асыру жолдарын жоспарлау процесі.

Кадрларды басқару – әлеуметтік басқару түрінде кең тараған маманданған кадрларды дайындау еңбекті ынталандыру жұмысшылар жұмысшылардың еңбегінің жағдайларын жақсарту еңбектік дауларды шеше білу.

Ұйымдастырушылық басқару – оның негізгі объектілері, ұйымды құру процестері, ұйымды басқару жүйесін және құрылымын қалыптастыру, инструкцияларды құрастыру нәтижесінде ұйымды қалыптастыру қалыпты жағдайлары құрылады.

Инновациялық технологиялар – білім беру үдерісін жетілдіру және тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын заманауи әдістер, құралдар мен тәсілдер.

Білім беру стандарты – білім беру мазмұнына, оқу үдерісінің ұйымдастырылуына және күтілетін нәтижелерге қойылатын мемлекеттік талаптар жиынтығы.

Мониторинг – оқу және тәрбие үдерісінің тиімділігін бағалау және талдау мақсатында жүргізілетін бақылау жүйесі.

Педагогикалық диагностика – балалардың білім деңгейін, дағдыларын және даму динамикасын анықтау әдістері.

Интеграция – (нәтижеге қол жеткізу және бірге қызмет етуге адамдарды ынталандыратын атмосфера мен құндылықтар жүйесін құру).

Жобалық оқыту – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған оқыту әдісі.

Ойын технологиясы – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ойын арқылы білім беру тәсілі.

Пәнаралық байланыс – білім беру мазмұнындағы түрлі пәндер арасындағы өзара байланыстарды ескере отырып оқыту.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру үдерісіне тең қатысуын қамтамасыз ететін жүйе.

Кәсіби құзыреттілік – педагогтың өзінің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруы үшін қажетті білім, білік, дағды және жеке қасиеттер жиынтығы.

Әдістемелік жұмыс – педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру шаралары мен іс-әрекеттер жиынтығы.

STEM-білім беру – ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering) және математика (Mathematics) пәндерін интеграциялау арқылы жүзеге асырылатын білім беру жүйесі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму мониторингі – балалардың физикалық, психологиялық, когнитивтік және әлеуметтік дамуын қадағалап, бағалау процесі.

Педагогикалық этика – педагогтар мен тәрбиешілердің кәсіби қызметінде ұстанатын моральдық қағидаттар мен нормалар жиынтығы.

4 К моделі – бұл білім беру нәтижелерінің жүйесі (түйінді құзыреттіліктер: сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және командылық).

Киберқауіпсіздік - қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет

Мультимедиялық технологиялар– бұл ақпараттық және бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, әртүрлі мәліметтер түрлерін дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну бойынша әрекеттерді жүзеге асыратын құралдар, әдістер жиынтығы.

Онлайн сервистері – бұл пайдаланушылардың интернет арқылы сұранысы бойынша жергілікті компьютерге жүктеместен және орнатпай-ақ белгілі бір әрекеттерді орындайтын бағдарлама.

Цифрлық білім беру ресурсы (ары қарай - ЦББР) – білім беру мақсаттарына арналған және цифрлық, электрондық, «компьютерлік» нысанда ұсынылған ақпарат көзі.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Нормативтік-құқықтық құжаттар. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы қарастырылған.
Модуль 2. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың сапасын арттыру, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	Мектепке дейінгі ұйымды басқару теорияларының дамуы. Балабақша тәжірибелік іс-әрекетіне менеджментті ендірудің тиімділігі. Басқару факторлары. Менеджмент негізінде балабақшаны басқару принциптері. Бірлескен әрекетте басқарудың технологиясы. Басқарудың тәжірибелік негіздері. Педагогикалық тәжірибеде мектепке дейінгі ұйымды басқарудың жағдайын диагностикалау. Меңгерушілердің, әдіскерлердің

	кәсіби шеберлігін көтеруде өзін-өзі оқытуды ұйымдастыру. Мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау. Балабақшадағы білім беру процесін басқару технологиясын құрастырудың негіздері. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқыту процесінің сапасын арттыру жолдары. Жағдаят. Дау-жанжалдық жағдаятты болдырмау, шешу жолдары. Әр түрлі жобалар жүзеге асыру: ғылыми-зерттеу, шығармашылық, рөлдік ойын, ақпарат, интеграцияланған оқыту әдістерін қолдану. Қаржылық және материалдық ресурстарды басқару. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын дамыту жобасы.
Модуль 3. Меңгеруші, әдіскерлердің ІТ- құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	ІТ-менеджмент және цифрлық трансформация стратегиясы. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру мен тәрбиеде АКТ-ны қолдану. Балабақшаның оқу-тәрбие процесінде электронды оқу платформаларын (Googleформа, quizlet, wordwall, kahoot т.б.) тиімді пайдалану технологиясы. Интербелсенді әдістерді меңгеру құзыреттілігі. Қашықтықтан оқытудың әдістемесі, қашықтықтан оқыту контентінің жаңа түрлері. (скринкаст, подкаст, вебинар). Білім беру үдерісінде жасанды интеллект пен big data технологияларын қолдану. Әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникация мәдениеті. Киберқауіпсіздік – интернет-кеңістікте педагогтардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру. АКТ құралдарын қолдана отырып, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйымда кері байланыс жолдары. STEM және STEAM технологиялары мектепке дейінгі білім беруде қолдану. Электрондық портфолио құру.
Қорытынды бағалау	«Мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық даму жоспары» жоба қорғау. «Педагогикалық менеджмент: мектепке дейінгі мекемені тиімді басқару» моделін құру.

4. МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курс мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде басқару үдерісін тиімді жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлау және мекемені басқаруда теориялық және практикалық кәсіби дағдыларын жетілдіру.

Курс міндеттері:

- Педагогикалық менеджменттің негіздерін меңгерту – мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудың заманауи әдістері мен технологияларын оқыту;

- Басқарушылық дағдыларды дамыту – стратегиялық жоспарлау, мониторинг, бағалау, көшбасшылық, ұйымдастырушылық, жобалық басқару қабілеттерді қалыптастыру;

- Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыру – тиімді коммуникация мен мотивация құралдарын пайдалану;

- Инновациялық технологияларды енгізу – мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін жаңа әдістер мен цифрлық ресурстарды қолдану. Үздік онлайн-сервистерді пайдалана отырып, цифрлық білім беру ресурстарын құру бойынша кәсіби құзыреттерді дамыту;

- Білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын түсіну – Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру саласындағы заңнамалық актілерін меңгеру;

- Ата-аналармен және қоғаммен байланыс – отбасы мен білім беру мекемесінің ынтымақтастығын нығайту жолдарын үйрету;

- Мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын басқару – білім беру стандарттарына сәйкес сапаны бақылау және жетілдіру әдістерін меңгеру.

Курстың практикалық маңыздылығы:

«Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастырудың педагогикалық менеджменті» бағдарламасының практикалық маңызы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын тиімді басқаруға, педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға және инновациялық әдістерді енгізуге бағытталған. Мектепке дейінгі білім беру саласында қызмет ететін мамандар үшін қажетті білім мен тәжірибелік дағдыларды ұсынады. Бағдарламаны меңгерген мамандар басқару тиімділігін арттырып, білім беру сапасын жақсартуға, инновациялық тәсілдерді енгізуге және балалардың үйлесімді дамуына ықпал ете алады.

Пәнаралық интеграцияны күшейту:

«Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастырудың педагогикалық менеджменті» бағдарламасының мазмұнын жаңғыртып, заманауи талаптарға сай басқару жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеудің кешенді моделін құруға, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға және мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұл бағдарламаның аясында пәнаралық интеграцияны күшейту басқару, оқыту әдістері, психология, инновациялық технологиялар және құқықтық-нормативтік талаптарды кешенді түрде қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда басқару үрдісін ұйымдастыруда білім беру психологиясы мен әдістемелік инновациялар өзара байланыста қарастырылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1. Құқықтық-нормативтік талаптарды сақтау күшейтіледі:

- Мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттар тиімді қолданылады.

- Лицензиялау және аккредитация үдерістері басқару жүйесінде жетілдіріледі.

- Білім беру ұйымдарының құқықтық мәдениеті артады.

2. Басқару жүйесінің жетілдірілуі:

- Мектепке дейінгі ұйымдарда тиімді менеджмент жүйесі қалыптасады.
- Стратегиялық жоспарлау және басқару әдістері жетілдіріледі.
- Ұйымдастыру-басқару үдерісінде инновациялық тәсілдер қолданылады.

3. Педагогикалық қызметтің сапасын арттыру:

- Педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен басқарушылық дағдылары дамиды.

- Оқыту мен тәрбиелеуде заманауи әдістемелер мен технологиялар енгізіледі.

- Пәнаралық интеграция арқылы оқыту мазмұны байытылады.

4. Білім беру сапасының мониторингі және бағалауы жақсарады:

- Мектепке дейінгі ұйым қызметін бағалау жүйесі жетілдіріледі.

- Оқу-тәрбие үдерісінде сапаны арттыруға бағытталған бақылау тетіктері енгізіледі.

- Электрондық құжат айналымы мен цифрлық технологияларды қолдану кеңейтіледі.

5. Инновациялық білім беру технологияларының енгізуі:

- STEAM, жобалық оқыту және ойын технологиялары білім беру үдерісіне енгізіледі.

- АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) негізінде оқыту жетілдіріледі.

- Интерактивті оқыту әдістері мен сандық ресурстар қолданысқа енеді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Бағдарлама негізгі 3 модуль және қорытындыдан тұрады:

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Модуль 2. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың сапасын арттыру, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.

Модуль 3. Меңгеруші, әдіскерлердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту.

Қорытынды. «Мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық даму жоспары» жобасын қорғау. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері мектепке дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік стандарттары мен нормативтік-құқықтық актілеріне негізделі отырып жасалады. Бұл бөлімде бағдарламаның жалпы жоспары ұсынылып, оның мақсаттары мен міндеттерімен өзара байланысты күйілетін нәтижелер сипатталады.

Күйілетін нәтижелер бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерімен тығыз байланыста қарастырылады. Олар бағдарламаның орындалу деңгейін бағалауға, сондай-ақ оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік

береді. Осылайша, бағдарлама құрылымы жүйелі әрі заңнамалық негізделген білім беру процесін қамтамасыз етеді.

Модуль 2. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың сапасын арттыру, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.

Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың сапасын арттыру, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру мектепке дейінгі ұйымдардағы басқару сапасын арттыруға, тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіруге бағытталған. Бұл құрылым ұйымның басқару стратегиясы мен педагогикалық процестің өзара байланысын қамтиды.

Бағдарлама мазмұны мен құрылымы күтілетін нәтижелер мен ұйымның мақсаттары арасында тығыз байланыс орната отырып, мектепке дейінгі ұйымды тиімді басқару мен сапалы тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

Модуль 3. Меңгеруші, әдіскерлердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту.

Меңгеруші, әдіскерлердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту меңгеруші мен әдіскерлердің IT-құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығын жүйелі түрде дамытуға бағытталған. Бұл құрылым заманауи цифрлық технологияларды меңгеру арқылы басқару және әдістемелік жұмыстың сапасын арттыруды көздейді.

Бағдарлама мазмұны күтілетін нәтижелермен тығыз байланыста, меңгеруші мен әдіскердің цифрлық ортада тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады және оларды кәсіби тұрғыдан дамытады.

Қорытынды. «Мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық даму жоспары» жобасын қорғау. «Педагогикалық менеджмент: мектепке дейінгі мекемені тиімді басқару» моделін құру.

Мектепке дейінгі ұйымның ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Жоспарды қорғау үдерісі стратегиялық ойлауға, талдау жасауға және даму басымдықтарын дұрыс айқындауға үйретеді. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи және нәтижеге бағытталған моделін қалыптастыруға негізделген. Педагогикалық менеджмент принциптері бойынша құрылған модель мекеме жұмысының тиімділігін арттырады. Модель басқарудың жүйелілігін қамтамасыз етіп, мектепке дейінгі мекеменің сапалы қызметіне ықпал етеді.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың педагогикалық менеджменті курсы білім беру мекемелерінде тиімді басқару жүйесін құруға, тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға және педагогикалық үдерісті оңтайландыруға бағытталған. Бұл курс мектепке дейінгі мекемелердің меңгерушілері, әдіскерлері және педагогикалық кадрлары үшін қажетті басқару дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және

бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. «Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастырудың педагогикалық менеджменті» курсы мектепке дейінгі мекеме меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған және оның құрылымы оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарланған.

Оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогикалық ұжымның құзыреттілігін дамыту маңызды. Басшы кадрлық ресурстарды тиімді ұйымдастырып, педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын, әдістемелік семинарларды және педагогикалық кеңестерді жүйелі түрде өткізуі қажет. Сонымен қатар, оқу процесіне инновациялық әдістерді енгізу үшін педагогтармен бірлескен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кәсіби тәжірибе алмасу ұйымдастырылады.

Курс соңында тыңдаушылар өз білімдері мен дағдыларын бекіту мақсатында қорытынды жоба әзірлейді, онда мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи модельдерін қолдану арқылы басқару стратегияларын ұсынады. Бұл жоба басқару дағдыларын нығайтуға және мектепке дейінгі мекемелердегі педагогикалық үдерісті жақсартуға бағытталған практикалық шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

	Сабақтардың тақырыптары	лекция	Семинар, тренинг, мастер класс	Тестілеу	Барлығы
	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	8	2		0
.1	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2.09.2024ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416 Білім туралы Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.	4			

	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 .				
.2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183 . Педагог мәртебесі туралы/ Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы (DOCX 45 Kb)/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html .	4	2		
	Модуль 2. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың сапасын арттыру, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	20	10		0
.1	Мектепке дейінгі ұйымды басқару теорияларының дамуы.	2			
.2	Балабақша тәжірибелік іс-әрекетіне менеджментті ендірудің тиімділігі.	2			
.3	Басқару факторлары.	2			
.4	Менеджмент негізінде балабақшаны басқару принциптері.	2			
.5	Бірлескен әрекетте басқарудың технологиясы.		2		
.6	Басқарудың тәжірибелік негіздері.		2		
.7	Педагогикалық тәжірибеде мектепке дейінгі ұйымды басқарудың жағдайын диагностикалау.	2			
.8	Меңгерушілердің, әдіскерлердің кәсіби шеберлігін көтеруде өзін-өзі оқытуды ұйымдастыру.	2			
.9	Мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау.		2		
.10	Балабақшадағы білім беру процесін басқару технологиясын құрастырудың негіздері.	2			

.11	Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқыту процесінің сапасын арттыру жолдары.	2			
.12	Жағдаят. Дау-жанжалдық жағдаятты болдырмау, шешу жолдары		2		
.13	Өр түрлі жобалар жүзеге асыру: ғылыми-зерттеу, шығармашылық, рөлдік ойын, ақпарат, интеграцияланған оқыту әдістерін қолдану.		2		
.14	Қаржылық және материалдық ресурстарды басқару.	2			
.15	Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын дамыту жобасы.	2			
	Модуль 3. Меңгеруші, әдіскерлердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	10	20		0
.1	IT-менеджмент және цифрлық трансформация стратегиясы.	2	2		
.2	Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру мен тәрбиеде АКТ-ны қолдану.	2	2		
.3	Балабақшаның оқу-тәрбие процесінде электронды оқу платформаларын (Googleформа, quizlet, wordwall, kahoot т.б.) тиімді пайдалану технологиясы.	2	2		
.4	Интербелсенді әдістерді меңгеру құзыреттілігі. Қашықтықтан оқытудың әдістемесі, қашықтықтан оқыту контентінің жаңа түрлері. (скринкаст, подкаст, вебинар).		2		
.5	Білім беру үдерісінде жасанды интеллект пен big data технологияларын қолдану	2	2		
.6	Әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникация мәдениеті		2		
.7	Киберқауіпсіздік – интернет-кеңістікте педагогтардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру.	2	2		
.8	АКТ құралдарын қолдана отырып, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйымда кері байланыс жолдары.		2		
.9	STEM және STEAM технологиялары мектепке дейінгі білім		2		

	беруде қолдану.				
.10	Электрондық портфолио құру.		2		
	Қорытынды бағалау	4	4	2	0
.1	«Мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық даму жоспары» жоба қорғау.	2	2		
.2	«Педагогикалық менеджмент: мектепке дейінгі мекемені тиімді басқару» моделін құру.	2	2	2	
	Барлығы:	42	36	2	0

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

	Модуль, Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.	10 сағат	Лекция, семинар	Ғылыми-әдістемелік зерттеулер. Нормативтік-құқықтық аспектілері тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
	Модуль 2. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың сапасын арттыру, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.	30 сағат	Практикалық сабақтар, мастер-класс, тренингтер	Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар. Мультимедиялық презентациялар, видео-сабақтар.
	Модуль 3. Менгеруші, әдіскерлердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту.	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Zoom, Google Meet, Microsoft Teams, Moodle қолдану. Интерактивті тақталар, онлайн контент жасау (Canva, Kahoot, Prezi).
	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

«Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастырудың педагогикалық менеджменті» бағдарламасы меңгерушілер мен әдіскерлердің мектепке дейінгі ұйымдарды басқару саласындағы құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған. Басқарушылық процестердің тиімділігін бағалау мониторинг, кері байланыс және нәтижелерді саралау арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау процесі оқу модульдері барысында жүргізіліп, «Мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық даму жоспары» тақырыбында жоба қорғап, «Педагогикалық менеджмент: мектепке дейінгі мекемені тиімді басқару» моделін құру нәтижелері негізінде қорытындыланады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың басқарушылық қабілеттері мен педагогикалық менеджментті қолдану дағдылары нақты анықталады.

Бағалау жүйесі стратегиялық басқару жобаларын, тапсырмаларды орындау, кейс-стадияларды талдау және пікірталастарға белсенді қатысуды қамтиды. Сонымен қатар, тыңдаушылардың цифрлық технологияларды басқару, кадрлық саясатты тиімді ұйымдастыру және білім беру сапасын бақылау қабілеті де тексеріледі.

Қатысушылардың жалпы бағасы олардың басқару шешімдерін әзірлеу, ұжыммен жұмыс істеу және инновациялық тәсілдерді қолдану нәтижелеріне негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағалауды анықтайды, бұл басқарушылық құзыреттіліктің сапалы дамуын қамтамасыз етеді.

Соңында тест тапсырады.

Тест нәтижелерін бағалауда бірнеше негізгі аспектілер ескеріледі:

Дұрыс жауаптар саны – тестілеудегі дұрыс жауаптардың пайыздық мөлшері.

Қиындық деңгейі – сұрақтардың жеңіл, орташа және қиын деңгейлерін ескере отырып бағалау.

Уақытты тиімді пайдалану – тестілеу барысында бөлінген уақытты қаншалықты тиімді пайдаланғанын анықтау.

Қате жауаптар мен олардың түрлері – білім алушының қандай қателіктер жібергенін талдау.

Тыңдаушылардың белсенділігін бағалау шкаласы

Бағалау түрі		Бағалау компоненттері	%	Балл	Қорытынды баға(%)
Сабаққа қатысуы		-	10	10	10
Қалыптастырушы бағалау	Тыңдаушының белсенділігі (20)	Сабақтың әр түрлі кезеңдеріне қатысуы	5	5	40

Жиынтық бағалау	Практикалық жұмыс(20)	Топтағы басқа тыңдаушылар-мен өзара әрекеттесуі Жауап беру дәрежесі / жеделдігі	5	5	5
		Жаңа идеяларды / шешімдерді ұсынуы	5	5	
		Тыңдаушының жеке/жұптық / топтық жұмысы (СӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауы)	5	5	
		Кейстерді талдауы / жағдаяттық есептерді шешуі / сабақ үзінділерін құрастыруы / эссе	5	5	
Қорытынды тест			50	21-24	40

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

бағалау	Орындау % - дегі ауқымы	ұпайлар
1	90%-100%	21-25
2	75-89%	20-17
3	50–74%	16-14
4	50% -ден кем	13-дан аз

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Біліктілікті арттыру бағдарламасынан өткеннен кейін меңгерушілер мен әдіскерлердің алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде тиімді қолдануын қамтамасыз ету үшін курстан кейінгі қолдау көрсетіледі. Бұл қолдау басқару үдерістерін жетілдіруге, инновациялық әдістерді енгізуге және мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс сапасын арттыруға бағытталған.

1. Кәсіби кеңес беру және менторлық қолдау.

- Тәжірибелі басқарушылар мен әдіскерлерден жеке немесе топтық кеңес алу мүмкіндігі.

- Басқарушылық шешімдерді қабылдау бойынша сарапшылардың көмегі.

- Ұйымдастырушылық мәселелерді шешуде әдістемелік қолдау көрсету.

2. Цифрлық платформа және онлайн-ресурстар.

- Мектепке дейінгі білім беруді басқаруға арналған вебинарлар мен онлайн курстар.

- Электрондық кітапхана және оқыту материалдарына қолжетімділік.

-Педагогикалық менеджмент бойынша үздік тәжірибелер мен кейстер жинағы.

3. Серіктестік желісі және кәсіби қауымдастықтар.

- Мектепке дейінгі ұйым басшылары мен әдіскерлері арасындағы тәжірибе алмасу алаңдары.

- Мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру бойынша жұмыс топтарына қатысу.

- Саладағы жаңалықтармен танысу және жаңа білім беру бағдарламалары туралы ақпарат алу.

4. Педагогикалық менеджменттегі үздік тәжірибелерді тарату

- Жетістікке жеткен тыңдаушылардың тәжірибесін басқа ұйымдарға енгізуге көмек көрсету.

- Озық тәжірибелерді конференциялар мен семинарлар арқылы тарату.

Басқарушылық дағдыларды одан әрі дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларына қатысу.

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі менеджмент [Мәтін]: Оқулық / К.Ж. Бұзаубақова. - Тараз : ИП «Бейсенбекова А.», 2020. - 384б. - ISBN 978-601-7903-51-0 :

2. БұзаубақоваК.Ж. Педагогикалық менеджмент және қазіргі мектепті басқару [Мәтін]: Оқу құралы / К.Ж. Бұзаубақова, А.Н. Ахметова. - Тараз: ТОО «Графика-Ю», 2015. - 168б. - ISBN 978-601-7452-69-8 :

3. Гриффин, Р.Менеджмент [Мәтін] : Оқулық / Р. Гриффин. - 12-ші басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 768б. - ISBN 978-601-7943-14-1

4. Бельгимбаев А.К., Менеджмент[Текст]: учеб.пособие /А.К. Бельгимбаев, А.Б. Рахимбаев. - Алматы : «NURPRESS», 2020. - 164с. - ISBN 9965-620-46-6

5. Сулейменова З.Е. Білім беруденгі менеджмент[Электрондық ресурс]: Оқу құралы / З.Е. Сулейменова. - Алматы: ЭСПИ, 2021. - 188 б.<http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/1>

6. Аскаров, Е.С. Инновационный менеджмент [Электронный ресурс]: Учебное пособие/ Е.С.Аскаров. - Алматы: Экономика, 2014. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/9>

Қосымша әдебиеттер:

1. Бұзаубақова, К.Ж. Білім берудегі менеджмент: тест тапсырмалары, кейстер [Мәтін]: Оқу құралы / К.Ж. Бұзаубақова, М. Елубаева. - Тараз: ИП «Бейсенбекова А», 2020. - 87б. - ISBN 978-601-7903-51-3:

2. Кунанбаева М.Ш., Материалы для организации занятий по курсу «Менеджмент в дошкольном образовании»: Учебное пособие. / Павлодарский государственный педагогический университет. - Павлодар: ПГПУ, 2020. - 102 с. - ISBN 978-601-267-598-6.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы. Нұр-Сұлтан, 2021ж.

4. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудың тиімділігі: әдістемелік ұсынымдар. Нұр-Сұлтан, 2020.

5. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді дамыту жол картасы. Нұр-Сұлтан, 2022.

6. Мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық білім беру ресурстарын енгізу тұжырымдамасы. Нұр-Сұлтан, 2023.

7. Мектепке дейінгі ұйымдарды лицензиялау ережелері. Нұр-Сұлтан, 2022.

8. «Балапан» бағдарламасы: мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту стратегиясы. Нұр-Сұлтан, 2021.